

Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойынша
білім бөлімінің жанындағы Қажымұқан ауылының
МКҚК «Қошақан» бөбекжайы

Қазақ биінің қол қалыптары

(мектепке дейінгі мекеме хореографтарына арналған әдістемелік құрал)



2025жыл

Мазмұны

Кіріспе	1
Хореографиялық ұжымда қазақ биін үйретудің әдістемесі	2
Қол қалыптары	3
Қол қимылдарының негізгі ерекшеліктері	8
Пайдаланған әдебиеттер	9

Кіріспе

Қазақ биі-қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен, әдет-ғұрпымен тығыз байланысты. Қазақ биі ғасырлар бойы халықтың өмір салты, дүниетанымы мен сезімдерін бейнелеп келген.

Қазақ биінің түп-тамыры ежелгі тайпалық дәстүрлерден бастау алады. Ертеде билер шамандық рәсімдерді қолданып, табиғатқа табыну, аңшылыққа сәттілік тілеу сияқты ғұрыптармен байланысты болған. Мұндай билерде қимылдар жануарлардың қозғалыстарын, табиғат құбылыстарын бейнелеген.

Орта ғасырларда билер мерекелерде, салт-дәстүрлерде, ойын сауықтарда орындалды. Би өнері қазақтың күйімен және әнімен тығыз байланысты дамыды.

XIX-XX ғасырларда бұл уақытта қазақ биі кәсіби сахнаға көтеріле бастады. Ұлы күйшілердің Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет күйлеріне билер қойылып, би өнері жаңа деңгейге шықты. Кеңес дәуірінде қазақ биін зерттеп, жүйелеген Шара Жиенқұлова қазақ биінің сахналық формасын қалыптастырып, оның ұлттық ерекшеліктерін сақтай отырып дамытты.

Қазақ биі өз құрылымында ұлт салт-санаға байланысты басқа өнер түрлерімен синкреттік түрде дамығанын аңғаруға болады. Қазақ өнеріндегі синкретизм жөніндегі ғалым Қ.Жұбанов «әуел баста эпос, музыка, би, ән, күй синкреті заман қалпында бір жүрген,»- деп жазып кеткен

Халықтың көркемдік ойының бір көрінісі ретіндегі би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман мұраттарының бейнелейтін қимылдар жүйесін қалыптастырған.

Қоғамның өзгеруіне байланысты, халықтың өмірі мен дәстүрі де өзгеріп отыратыны белгілі. Міне осыған орай өнердің де өзгеріске ұшырайтыны сөзсіз. Оның тақырыптық идеясы, мазмұны да өзгеріске ұшырап отырады. Халық шығармашылығынан нәр алған би өнері де осылай өсіп өркендеуде.

Бүгінде қазақ биі ұлттық және заманауи стилдерді үйлестіре отырып дамуда. Көптеген кәсіби ансамбльдер мен би топтары қазақ биін халықаралық сахналарда танытып жүр.

Қазақ биі тек қана өнер емес, ол халықтың рухани мұрасы, мәдениеттің айнасы.

Хореографиялық ұжымда қазақ биін үйретудің әдістемесі

Қазақ биін үйрету әдістемесі дәстүрлі қазақ мәдениетінің ерекшеліктеріне, би қимылдарының пластикасына және музыкалық сүйемелдеуге негізделген. Оқу процесін тиімді ұйымдастыру үшін келесі негізгі кезеңдерді ұстану қажет.

1.Дайындық кезеңі.

Бұл кезеңде балалар қазақ биінің ерекшеліктерімен танысып, денені қыздыру жаттығулары жасалады.

1.1.Теориялық кіріспе:

- Қазақ биінің тарихы, түрлері (салтанатты, тұрмыстық, әскери, лирикалық және т.б.).
- Киім мен музыканың би мәдениетіндегі рөлі.
- Дәстүрлі қазақ биінің басты қимылдары мен олардың мағынасы.

1.2.Денені қыздыру және икемділікті арттыру:

- Бұлшықеттерді сергіту және буындарды созу жаттығулары.
- Қол, аяқ, дене қозғалыстарын жеке-жеке үйрету.
- Қазақ биіне тән қалыптар мен позаларды меңгеру.

2.Негізгі би қимылдарын үйрету.

Қазақ биі қол, аяқ, дене қимылдарының үйлесімділігіне негізделген.

3.Би элементтерін бірізділікпен үйрету.

- Алдымен баяу темпте жеке қимылдарды үйрену.
- Қимылдарды үйлестіріп, кішігірім комбинациялар жасау.
- Музыка ырғағына сай орындауға үйрену.

4.Қазақ биін сахнада орындауға дайындау.

- Қойылымның құрылымын жасау.
- Би қимылдарын музыкамен үйлестіру.
- Сахналық мимика мен эмоцияны дамыту.
- Ұлттық киімдер мен реквизиттерді пайдалану.

5.Қорытынды кезең.

- Би қойылымын толық орындау.
- Қателерді талдау және түзету.
- Қатысушылардың өздігінен орындау деңгейін бағалау.

Қазақ биін үйретудің негізгі әдістемесі-ұлттық би элементтерін біртіндеп меңгеріп, дене қимылдарын үйлесімді дамыту. Бұл тәсіл балалардың қазақ биіне деген қызығушылығын арттырып, оларды ұлттық мәдениетке жақындатады.

Қол қалыптары

Қазақ биіндегі қол қалыптары (позициялары) ұлттық би мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады. Қол қимылдары би көрінісінің көркемдік мәнін арттырып, оның мазмұнын жеткізуде маңызды рөл атқарады. Қазақ биінде қол қалыптарының түрлері өте көп және әрқайсысы өзіне тән мағына мен эмоцияны бейнелейді. Міне, негізгі және кеңінен қолданылатын қол қалыптары

1.«Қанат»қалыптары


Бұл қол қозғалысы құстың қанат қағуын бейнелейді. Қазақ биінде еркіндік пен ұшқырлықты көрсету үшін қолдар екі жаққа жайылып, білезік пен саусақтар иіліп, қанат тәрізді қозғалады.

Түрлері:

-Толқын тәрізді қанат-қолдар бірінен соң бірі қозғалып, толқындай иіледі.

-Қос қанат-екі қол қатар жоғары немесе екі жаққа жайылады.

-Бір қанат-бір қол жоғары көтеріліп, екіншісі төмен ұсталады.



2. «Шашу» қол қимылы

Бұл қимыл қуаныш пен мерекелік көңіл-күйді білдіреді. Қолдар жоғары көтеріліп, содан кейін алақандар төмен бағытталып, майда қимылмен төмен түседі. Әдетте қыздардың орындауында жиі кездеседі.


3. «Айқас» қимылы

Қолдар дененің алдында немесе кеуде тұсында айқасып қойылады. Бұл қимыл көбінесе сұлулық пен ұяндықты көрсетеді.



4. «Орамал» қимылы

Қол білезіктері ерекше иіліп, нәзік қозғалыстар жасалады. Қолдың білезіктерін иіп, орамалмен ойнағандай әсер қалдыратын нәзік қимыл.



5. «Қазақи сәлем» қимылы

Қолдың бірін кеуде тұсына қойып, бас иіп сәлем беру. Бұл құрмет пен ізеттілік белгісі ретінде орындалады.



6. «Бүркіт» қалыптары

Қолдар жоғары көтеріліп, саусақтар бүркіттің тырнағына ұқсас түрде бүгіледі. Бұл ерлер биінде жие қолданылады және күш пен еркіндікті білдіреді.

7. «Қазақша қол бұлғау»

Қолды білезіктен айналдыра, еркін әрі жұмсақ қимылмен бұлғау. Көбінесе қыздардың орындауында кездеседі жәнәненәзіктік пен ізеттілікті көрсете



8. «Жайлау» қимылы

Қолдар кең жайылып, дала табиғатын бейнелейді. Бұл қимыл қазақ биінің кең тынысты, табиғатпен байланысты екенін көрсетеді.

9. «Гүл» қалыптары

Алақандар ашылып,
саусақтар гүлдің күлтелері
секілді орналасады.
Қыздардың нәзіктігін және
әсемдігін айқындайды.




10. «Сауыт» қалыптары

Қолдар кеуде тұсында
айқасып немесе белде
орналасады. Ерлікті,
батылдықты бейнелейді.

11. «Толқын» қалыптары

Қолдар иілмелі, толқын
секілді қозғалыста болады.
Табиғаттың әсемдігін, су
мен желдің қозғалысын
бейнелейді.





12. «Қос мүйіз» қимылы

Екі қолды көтеріп, алақан ішке немесе жоғары қарай бағытталуы мүмкін. Саусақтар бас бармақ пен сұқ саусақты жоғары қарай көтеру керек.

13. «Белбеу» қимылы

Қол қимылдары арқылы бел құшақталады. Аталған ұстаным көбінесе ер адамдардың биінде қолданылады.



Қол қимылдарының негізгі ерекшеліктері

1. Алмастырылған жүріс-кіші саусақтан бастап билеу, қол толықтай айқара ашылады.
 2. Көлденеңнен жүріс-қол мен аяқ бірінші ұстанымда қосылып, қайшы іспеттес орналастырылады.
 3. Табаннан қолға қарай ауысатын ауыспалы жүріс. Мұнда 4-ұстаным қолданылады.
 4. Ауыспалы тепкі-оң аяқпен, сол аяқпен 4-ұстанымда билеу.
 5. Секіртпе-қолды белге қойып, кезекпен аяқты алмастырып секіру.
 6. Жылан-оң аяқ пен сол аяқты айқастырып 1-2- ұстанымда билеу.
- Жоғарыда көрсетілген қол қимылдарының ұстанымын жаттаған соң, қазақ өрнегінің әуендері өрнектеледі:

1.Тұмарша

2.Шаңырақ

3.Қос өркеш

4.Ши орау

5.Бүркіт тырнақ

Хореограф балаларға жоғарыдағы қимылдарды үйреткен соң, кішкене этюдтерді құрастыра алады. Ал кейінен би қимылдары күрделендіріле түседі. Одан соң сюжетті билер құрастырылады. Мысалы, балаларға арналған билерден: «Балдырған», «Ортеке» т.б. Ал ересек балаларға қазақ вальсін, сонымен қатар «Қамажай», «Той жыры», сынды билерді қоюға болады.

Сонымен қазақ биі үнемі классикалық бидің сызбасы бойынша үйретіледі. Би үйретуші хореограф үнемі драмалық театрларға барып, ұлттық үлгідегі қойылымдарды тамашалауы керек. Сонымен қатар ҚР балетмейстерлердің шығармашылықтарымен, жетістіктерімен таныс болуы шарт.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- 1.Абиров Д.,Исмаилов А. Казахские народные танцы.«Өнер»1984ж
- 2.Байментаева А.Ұлттық халық билерінен қосымша бағдарлама.
1991ж
- 3.Жұбанов А. Өскен өнер. Алматы, 1985ж
- 4.Кремер Л.М. Хореографиялық ұжыммен жұмыс жасау әдістемесі.
Алматы,2006ж

Оқу әдістемелік кешенді құрастырған: хореограф Абуталипова А.Д.
«Қазақ биінің қол қалыптары» 9 бет.2025 жыл